

## Қазақстан Республикасы Президентінің кейбір жарлықтарына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Президентінің 2003 жылғы 16 мамырдағы N 1094 жарлығы Қаулы етемін:

1. Қазақстан Республикасы Президентінің мынадай жарлықтарына өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

1) **Күші жойылды - ҚР Президентінің 29.12.2015 № 152 Жарлығымен (01.01.2016 бастап қолданысқа енгізіледі);**

2) **күші жойылды - ҚР Президентінің 2004.01.17. N 1284 жарлығымен.**

3) Қазақстан Республикасы Президентінің "Жоғары офицерлік және басшы құрамның адамдары атқаратын лауазымдар тізбесі туралы" 2000 жылғы 12 мамырдағы N 392 Ж а р л ы ғ ы н а :

жоғарыда аталған Жарлыққа 2-қосымшада:

"Облыс және астана бойынша департамент бастығы - полковник, генерал-майор" деген жол мынадай редакцияда жазылсын:

"Облыс, Астана қаласы мен Алматы қаласы бойынша департамент бастығы - полковник, генерал-майор

Директордың бірінші орынбасары - Шекара қызметі Бас штабының бастығы - генерал-майор " ;

"Шекара қызметі директорының орынбасары - генерал-майор" деген жолдан кейін мынадай мазмұндағы жолдармен толықтырылсын:

"Шекара қызметі инспекциясы және шекаралық ынтымақтастық Бас басқармасының бастығы - генерал-майор

Шекара қызметі Бас штабы бастығының бірінші орынбасары - полковник, генерал-майор "

"Шекара қызметі аумақтық қолбасшылығының қолбасшысы - генерал-майор" деген жол мынадай редакцияда жазылсын:

"Шекара қызметі аумақтық басқармасының бастығы - генерал-майор Аумақтық басқарма бастығының бірінші орынбасары - Шекара қызметі штабының бастығы - полковник, генерал-майор";

"Шекара қызметі теңіз бөлімдерінің қолбасшысы - контр-адмирал" деген жол мынадай редакцияда жазылсын:

"Шекара қызметі теңіз шекара дивизиясының командирі - контр-адмирал";

"Шекара отрядының бастығы - полковник, генерал-майор" деген жол алынып тасталсын;

4) күші жойылды - ҚР Президентінің 2004.01.17. N 1284 жарлығымен.

5) күші жойылды - ҚР Президентінің 2004.01.17. N 1284 жарлығымен.

6) Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Президентінің 2008.03.11. № 552 Жарлығымен.

7) Қазақстан Республикасы Президентінің "Қазақстан Республикасы Президенті Әкімшілігінің штат саны мен құрылымы туралы" 2002 жылғы 11 ақпандағы N 806 Ж а р л ы ғ ы н а :

аталған Жарлықпен бекітілген Қазақстан Республикасы Президенті Әкімшілігінің құ р ы л ы м ы н д а :

"Президент Әкімшілігі Басшысының орынбасарлары" деген жол мынадай р е д а к ц и я д а ж а з ы л с ы н :

"Президент Әкімшілігі Басшысының бірінші орынбасары мен орынбасарлары".

Ескерту. 1-тармаққа өзгерістер енгізілді - ҚР Президентінің 2004.01.17. N 1284; 2008.03.11. № 552; 29.12.2015 № 152 (01.01.2016 бастап қолданысқа енгізіледі) Жарлықтарымен.

2. Мемлекеттік органдар осы Жарлықтан туындайтын шаралар қолдансын.

3. Осы Жарлық қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді, оған мыналар қ о с ы л м а й д ы :

2002 жылғы 1 қаңтардан бастап күшіне енетін 1-тармақтың 4) тармақшасының бесінші, жиырма жетінші, отыз екінші, отыз төртінші абзацтары, 5) тармақшасының отыз алтыншы, отыз жетінші, отыз тоғызыншы абзацтары;

2002 жылғы 28 тамыздан бастап күшіне енетін 1-тармақтың 4) тармақшасының отызыншы абзацы, 5) тармақшасының қырқыншы абзацы;

2002 жылғы 19 қыркүйектен бастап күшіне енетін 1-тармақтың 1) тармақшасының алтыншы абзацы, 2) тармақшасының бесінші, сегізінші, тоғызыншы, он бірінші, он екінші, он сегізінші, жиырма бірінші, жиырма үшінші, жиырма бесінші, жиырма жетінші абзацтары, 4) тармақшасының он алтыншы абзацы;

2003 жылғы 1 қаңтардан бастап күшіне енетін 1-тармақтың 4) тармақшасының ж и ы р м а б е с і н ш і а б з а ц ы ;

2003 жылғы 1 шілдеден бастап күшіне енетін 1-тармақтың 1) тармақшасының сегізінші абзацы, 2) тармақшасының он төртінші, отызыншы абзацтары, 4) тармақшасының жиырма бірінші, жиырма үшінші абзацтары.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Президенті